

**«Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ мектептегі
психологиялық қызметтің 2023-2024 оқу жылының
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

«Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы сәуірдегі №130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы №68 бұйрығы негізінде және Ы. Алтынсарин академиясының 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатындағы негізгі ережелермен құрылды. Жоспарға сәйкес бес бағытты негізге ала отырып, психодиагностикалық, психо-профилактикалық, психологиялық түзету дамыту, кеңес беру және әлеуметтік-диспечерлік бағыттар бойынша жұмыс жасалды.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;
- Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;
- Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.
- Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету

Ата-аналарды диагностикалау;

Ата-аналарға ағарту және алдын-алу жұмыстарын жүргізу;

Жеке және топтық кеңестер беру;

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.

Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

Педагог пен білім алушы қарым-қатынасындағы педагогикалық стильді оңтайландыру;

**ИНТЕРНЕТ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІН
ҚОЛДАНУ:**

Түрлі мессенджерлер арқылы (Zoom, BilimLand, электронды пошталар, мектеп сайты, WhatsApp, электронный журнал)

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс(есеп беру құжаттары ұсыныстар, жадынамалар әзірлеу, медиобазалар құру)

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмыстарын жүргізу.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әлеуметтік - диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру. Кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша аралас мамандармен жұмыс жүргізу.

Психодиагностикалық жұмыстар бойынша мәлімет

№	Класс \литер/	Психодиагностикалық бағыт	Қатысқан оқушы саны	Ескеру
1	1 сынып	Керн-Ирасеек әдісі. Оқушының мектепке дайындығын анықтау диагностикасы: - Мектепке, сыныпқа бейімделуі, психологиялық дайындығының деңгейі	75	Оқушылардың мектепке бейімделу деңгейлері зерттелініп, жекеленген оқушылармен , сыныппен коррекциялық жұмыстар жүргізілді.
2	6-11 класс	«Басса-Дарки» сауалнамасы. Оқушының бойындағы мазасыздық, агрессия деңгейін анықтау .	289	Зерттеу нәтижесі бойынша Басса-Дарки- сауалнамасының қорытындысы бойынша Агрессия, мазасыздық деңгейі жоғары оқушылар анықталған жоқ. Жеңіл көрсеткіш көрсеткен оқушыларға кеңестер берілді.

3	5-11класс	“Темперамент формуласы” /А. Белов әдісі/	840	оқушыға есептегенде «сангвиник» типіндегі оқушы - 38- %, «холерик» типіндегі оқушы - 15% ,«флегматик» типіндегі оқушы – 28 %, «меланхолик» типіндегі оқушы – 19% екені анықталды.
4	5-7класс	Qabilet балалардың қабілеттілігін диагностикалау және дамыту жобасы	118	
5	8-11 класс	«Филлипс» мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған сауалнама	210	Зерттеу нәтижесі бойынша Филлипс сауалнамасының қорытындысы бойынша Агрессия, мазасыздық деңгейі жоғары оқушылар анықталған жоқ. Жеңіл көрсеткіш көрсеткен оқушыларға кеңестер берілді.
6	5 класс	«Жаңа есім» комплекс тренинг	98	«Жаңа есім» комплекс тренингіне 5 сынып оқушылары жоғары белсенділікпен қатысты.
7	5 класс	«Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» /Н.Г.Лусканова/	72	Оқушылардың оқу мотивациясының жоғары деңгейі 33,3% құрады. Оқу мотивациясының қалыпты деңгейі 66,7% көрсетті. Мектепке деген көзқарасы қалыпты. Бірақ, баланы оқу процесі емес, оқудан тыс жағдайлар қызықтыратын, ішкі мотивациясы төмен деңгейге тән оқушылар анықталмады.
8	2-4 класс	«Баланы мектепке қалай тез дайындауға болады» әдістемесі	189	2-4 сынып оқушыларының мектепте дайындық

				деңгейін анықталды.
9	2-11 класс	«Социометрия» әдістемесі	744	Класс ұжымы ішіндегі әлеуметтік статус анықталып, нәтижесінде оқушылардың өз әрекеттері мен мінез – құлқына баға беру, тиімді қарым – қатынас жасау жолдарын меңгеруіне түзету – дамыту жұмысы өтілді.
10	9-11 класс	«Дж.Голланд» сауалнамасы	142	.Дж. Голланд сауалнамасының қортындысы бойынша оқушылардың кәсіби тұлғалық типі мен әлеуметтік бағыттары анықталды. Реалистік типке -23 оқушы, зияткерлік тип-21, әлеуметтік тип-35, , конвенционалды тип, -18 іскер тип-30, әртістік тип-15 оқушы болды.
11	5-7 класс	Э.П. Торренстің шығармашылық ойлау тесті	259	Торренст тесті бойынша оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерінің деңгейі анықталды. жоғары деңгей-5, қалыпты деңгей-68%, төмен деңгей -27 % көрсетті
12	5-7 класс	Р. Гудман сауалнамасы	259	Гудман сауалнамасының қорытындысы бойынша Оқушылардың көңіл-күйі қалыпты, үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы, тәртібі жақсы. Оқушылардың бойынан ауытқушылық байқалмады.
13	8-11 класс	Дасс сауалнамасы	220	Оқушылардың психоэмоционалды күйлері

				анықталып, жекеленген оқушылармен сұхбат жүргізіліп, қажетті кеңес – ұсыныстар берілді.
14	9-11 класс	Климов әдістемесі	142	Адамдармен жұмыс істеу, зерттеу қызметтері, іс-әрекеттің эстетикалық, техникалық және жоспарлық-экономикалық түрлері, аралас бағытта кәсіптік қызметке бейім оқушылар бар екені анықталды. Оқушыларға кәсіби бағдар аясында ұсыныстар, кеңестер берілді.

Түзету - дамыту жұмыстары бойынша мәлімет

№	Класс (\литер\)	Түзету - дамыту жұмыстары	Қатысқан оқушы саны	Ескеру
1	1 класс	«Мектепке көңілді барамыз»түзету сабағы	75	Оқушылардың ортаға бейімделуіне, мектеп өміріне жағымды көзқарас қалыптасуына, коммуникативті қарым-қатынастарын нығайтуға бағытталған жаттығуда белсене қатысып, өз ойларын шынайы эмоцияларын көрсете білді
2	5 класс	"Біз бесінші сыныпқа көштік" тренинг	72	Оқушылардың ортаға бейімделуіне, мектеп өміріне жағымды көзқарас қалыптасуына, коммуникативті қарым-қатынастарын нығайтуға бағытталған жаттығуда белсене қатысып, өз

				<p>ойларын шынайы эмоцияларын көрсете білді.</p> <p>Топтық жаттығуларды жүргізу барысында оқушыларға командалық жаттығуларды орындау ұнайтындығы байқалды.</p>
3	5 класс	"Шульте" кестесі, "Струп-тест" танымдық жаттығулары	72	<p>Танымдық жаттығуларды орындау арқылы ауқымды көру техникасы, көзбен іздеу, зейінді шоғырландыру жаттығуларын қызығушылықпен танытты.</p> <p>Оқушылардың танымдық жаттығуларды орындау барысында визуалды қабылдауға арналған тапсырмаларды орындау ұнайтындығы анықталды.</p>
4	5-8 класс	"Мен өзімді мақтай аламын" психологиялық акциясы	267	<p>Психологиялық акцияны орындау барысында оқушылар өміріне жаңадан енген жаңалықтар, түрлі сезімдер мен мәдени ақпараттарды жинақтау арқылы өмір сүру кеңістігін кеңейту тапсырмаларын командамен өзара келісіп орындап шықты.</p> <p>Акцияны тапсырмаларын орындауда командамен бірлескен жұмыстың тиімділігі байқалды.</p>
5	Жас мамандармен	«Ұжымдағы үйлесімді қарым қатынас»	45	<p>Ынтымақтастық орта, жағымды қарым-қатынас орнату жаттығуларын орындау барысында бір-біріне деген сенімділік күшінің артқандығы байқалды.</p>

6	7-11 класс	«Өмір сағаты» танымдық сабақ	286	Жасөспірімнің мықты және әлсіз қырына бағытталған тапсырмаларды орындауы мінез, эмоцияны басқару, өз сезімдерін реттеуге мүмкіндік алуына ықпал етті.
	6-7 класс	Нейрожаттығулар	137	Оқушылардың зейін тұрақтылығы мен есте сақтауды, сөйлеу тілін дамытуды, интеллектуалды және шығармашылық дамуды жетілдіру, стрессті сейілтуде, эмоционалды көңіл-күйін орнықтыруда қолданылады.
	6-7 класс	«Лепешка» психологиялық ойыны	187	Ойынды ойнау арқылы бір-бірін түсіну, кешірім мен кешіре білу, ішкі эмоцияларын реттеу, өкпеленіш сезімдерімен жұмыс жасалды.
7	8-9 класс	«Эмоция бояулары» арттерапия	123	Эмоцияларын, сезімдерін бейнелеу арқылы жағымсыз әсерлерді ыдырату, ішкі әлемімен байланысу, арт-терапия арқылы жайлы сезінуге терапиялық жұмыс жасалды. Бұл тапсырманы орындау барысында экстреверт оқушылар энергиясын сурет салуға жұмсаса, интреверт оқушылар, салынған суреттерін сауатты түсіндіре білді.
8	9-11 класс	«Өмір сабақтары»	142	Оқушылар өмір адамға маңызды және адамзаттық құндылықтарды жүзеге асыру үшін берілетінін, тұлға ретінде құқықтық жауапкершілікті сезініп, өмірді бағалау керек екенін ұғынды.
9	11 класс	«Сенімділік күші»	29	Эмоционалдық қысымды төмендету, топтық қарым-

				қатынасты нығайтуға арналған комплекс тренингтің оқушылардың көңіл-күйіне оң әсер ететіндігі байқалды.
10	7-11 класс	«Құпия дос» акциясы	316	Бағалау, бағалай білу, эмпатияға бағытталған психологиялық акция педагогтардың ынтымақтастық қарым-қатынасының нығайуына әсер етті. Коммуникативтік қарым-қатынас орната бермейтін әріптестердің жаңа қырынан ашылуына ықпалы мол болды.
11	9-11 класс	«Қызыл диплом» кинотерапия	142	Өмірлік жағдайларға өзіндік талдау жасауды үйреніп, дербес пікірлер айтты. «Қызыл диплом» киносын көру арқылы кейбір оқушылардың болашақ мамандығына деген көзқарастары өзгеріп, мазалап жүрген сұрақтарына жауап алды.
12	7-8 класс	Кинотерапия	174	Оқушылар жүргізілген кинотерапия әдісі арқылы фильмді бірлесіп қарауға және топта талдауға, өзін-өзі диагностикалау мен түзетуге, өмірлік жағдайларды, маңызды белгілердің артында жасырынған өзекті қажеттіліктерін түсінуге тырысты. Жұмыс барысында кино желісіндегі оқиғаларды қазіргі өмірмен байланыстырып,

				әлемжеттік, бопсалау, буллингке жол берілмеу керектігі туралы ой түйді.
13	Жарысқа қатысушы оқушылармен	«Жеңіске бір қадам»	45	Олимпиадаға қатысушы білім алушыларға психологиялық қолдау көрсетіліп, эмоционалды қысымды түсіруге ықпал етті.
14	3-4 класс	«Сиқырлы әлем» арттерапия	158	Суретті бейнелеу арқылы жағымсыз әсерлерді ыдырату, ішкі әлемімен байланысу, арт-терапия арқылы жайлы сезінуге терапиялық жұмыс жасалды.
15	5,6 класс	Ертегі терапия	163	Буллинг жағдайларын ертегі арқылы жеткізу
16	9,11 класс	«Емтихан» психологиялық ойыны	142	9,11 класс оқушыларына алдағы мемлекеттік емтиханды сәтті тапсыруға дайындық негізінде ұйымдастырылды, оқушылар ойынға белсенді қатысты. Оқушыларда емтиханды сәтті тапсыруға жақсы көңіл-күй, жақсы серпіліс және белсенділік пайда болды, ортада жарасымды ахуал қалыптасты.
17	Педагогтар	«Көңілді старт» тимбилдинг	58	Командалық рух пен эмоционалды релаксацияны сақтауға арналған тимбилдинг топтық тренингте орта буын оқушылары эмоцияларын жарқын көрсете білді
18	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар	«Сиқырлы саусақтар», «Айқасқан қадамдар» жаттығулар	4	Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту, жаттығуды орындау арқылы көңіл-күйіне, өздерін жайлы сезінуіне оң

				әсер етті.
19	9-11 класс	Тимбилдинг	142	Топтық жаттығулар мен тапсырмаларды орындау арқылы класс оқушыларының достық қарым-қатынасы нығайып, ішкі қысымдары мен энергиясын жақсы позитивке жұмсай білді.
20	11 класс	«Стресті жеңе біл» тренинг	25	Эмоционалдық қысымды төмендету, топтық қарым-қатынасты нығайтуға арналған комплекс тренингтің оқушылардың көңіл-күйіне оң әсер ететіндігі байқалды.

Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары бойынша мәлімет

№	Класс \литер\	Профилактика және психологиялық ағарту жұмыстары	Қатысқаны /саны/	Ескеру
1	1 класс	Баланы мектепке қалай тез бейімдеуге болады?	69	Бейімделу кезеңінің маңыздылығы туралы ақпараттар беріліп, зерттелінген класс оқушыларының жалпы қорытындысы таныстырылды.
2	5класс ата-аналары	«Орта буындағы жаңа оқушы»	111	Бейімделу кезеңінің маңыздылығы туралы ақпараттар беріліп, зерттелінген класс оқушыларының жалпы қорытындысы таныстырылды.
3	1-11 класс ата-аналары	«Бала қауіпсіздігі»	96	Цифрлы әлемдегі баланың қауіпсіздігі туралы ата-аналарға ақпараттар берілді.
4	5-11 класс	"Құрбан болмаудың жолдары"зиянды әдеттер, діни	454	Салауатты өмір салтын қалыптастыруда оқушыларды

		экстремизмнің алдын алу		зиянды әдеттерге тәуелді болмау «Жок!» деп айта білуге арналған жадынамамен танысты.
5	8-11 класс	«Жас ерекшелік психологиясы»	93	Жасөспірім кездегі мінез-құлық ерекшеліктері жөнінде ата-аналарға ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.
6	5-11 сынып ата-аналары	«Өзгеруге бір қадам» Буллинг, Кибербуллинг.	121	"Буллинг", "Кибербуллинг", "Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік", "Тік-Ток"-тағы әрекеттердің бала өміріне, денсаулығына әсері, жалпы қауіпсіздігі туралы және алдын алу бағыттары бойынша ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп, психологиялық кеңестер берілді.
7	5-7 класс Ата-аналары	«Тәрбиенің ең тамаша мектебі-отбасы»	73	Ата-аналарға педагогикалық білім-білікпен қаруландыруға арналған арнайы жаттығуларда белсене қатысқан ата-аналар көп болды. Ата-аналарға арналған жоспарлы жиындарды ерекше форматта өткізгенде қызығушылықтары артатындықтары байқалды.
8	Қыз балалар Ер балалар	«Қыз бала мен ер бала физиологиясы» психологиялық сабақ	156	Психологиялық бірлескен сабақта қыз балалармен бөлек, ер балалармен бөлек профилактикалық сабақтар өткізілді. Қыз бала мен ер бала физиологиясы мен психологиясы талданып, ерте жүктіліктің қаупі, пубертанттық кезең, келеңсіз жағдайларды алдын алуға кеңестер беріліп бейнебаяндар мен тәжірибелер арқылы түсіндіріліп, кері байланыс орнатылды.
9	5-11 класс	«Стоп буллинг» психологиялық акция	445	Әлімжеттік, қысым, буллинг, кибербуллинг жағдайларын

				тоқтатуға үндеу акциясы арқылы оқушылардың психологиялық, физикалық саулығына мән беруге, өз қауіпсіздіктеріне назар аударуға, дер кезінде мамандарға көмекке жүгінуге бағытталған жұмыстар жүргізілді.
10	8-9сынып оқушы қыз балалар	«Субмәдениеті жасөспірімдерге тигізетін әсері» тәрбиелік-танымдық сұхбат кеш	67	Қыз тәрбиесі, қыз тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлері, ырым-тыйымдар туралы әжелер әңгімелеп берді. Оқушылар әжелердің өнегелі әңгімелерін тыңдап, өздеріне тәрбиелік мәні бар құнды ақпарат алды.

Психологиялық қызмет бағыттары бойынша жүргізілген жұмыстардың электронды жүйедедегі көрсеткіші

Психологиялық диагностика	Түзету – дамыту жұмысы	Профилактика және ағарту жұмысы
45	57	67



Психологиялық кеңес беру жұмыстары бойынша мәлімет

Оқушылар	Педагогтер	Ата – аналар	Барлығы
89	47	79	213

Оқушылар тарапынан түскен сұраныс:

- Тұлға аралық қарым - қатынас;
- Қызығушылығы;
- Мамандық таңдау мүмкіндігі;

Педагогтер тарапынан түскен сұраныс:

- Тұлға аралық қарым - қатынас;
- Көңіл – күйін реттеу;
- Оқушы мотивациясын көтеру;

Ата- ана тарапынан түскен сұраныс:

- Балалардың достық қарым - қатынасы;
- Оқу мотивациясы;
- Қызығушылығы;
- Мамандыққа бағыттау.

Қорытынды

Осы оқу жылының басты мәселесі болып «Мектеп оқушыларының танымдық қабілеттерін дамыту, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін шыңдау» мақсатында психологиялық қызмет жыл бойына белсенді түрде жұмыс жүргізді. Әсіресе, психологиялық көмек түрлерінің негізгі бағыттары – психодиагностика, коррекция, кеңес беру профилактика жұмыстары нәтижелі алынды. Оқушыларға жеке және топтық кеңестер уақытында беріліп отырды. Сенім жәшігі және сенім телефонымен жасалған жұмыстардың талдауы оқушылардың өзара қарым қатынас процесінде туындайтын қиындықтарды шешуге көмектесі мақсатында оқушыларға топтық кеңестер берілді. Оқушыларда туындаған топтық және жеке мәселелерді құпия түрде жеткізу мақсатында «Сенім жәшігі» жұмыс жасалынды. Сенім телефонына қоңырау шалған ата-аналарға жеке кеңестер берілді.

2024-2025 оқу жылында келесі жұмыстарды міндеттейміз:

- ✓ Білім алушылардың жеке тұлға ретінде дамып жетілуіне психологиялық қолдау көрсетуді жалғастыру
- ✓ Жоғары буын білім алушыларына, ата-аналарына мамандыққа бағыт бағдар беру жұмыстарын класс жетекшілерімен бірлесіп жүргізу, түсіндіру жұмыстарын жандандыра түсу.
- ✓ Оқу-тәрбие процесінде пән мұғалімдерімен, класс жетекшілерімен, ата-аналармен үнемі тығыз байланысты жұмыс жасау.

Ұйымдастыру – әдістемелік жұмыстар бойынша мәлімет:

№	Республикалық семинар катысушысы	Облыстық семинарда өз іс – тәжірибесін таратушы	Курс	Оқушы жетістігі	Әдістемелік құрал құрастырушысы /облыстық /	Баспасөзге мақала беру
1	С. Сейталипа	-	1	-	-	1
2	Г. Ахметалипа	-	1		-	1
3	Ә. Мерекеқызы	1	1	-	Республикалық деңгейде таратылған «Мен және өзгелер» атты авторлық бағдарламасы	1

Ұйымдастырушы – әдістемелік жұмыстар	Тақырыбы	Саны
Облыстық семинарда өз іс – тәжірибесін таратушы	1. Мерекеқызы Әсемгүл - Облыстың үздік психологтерінің облыстық шебер класы «Смарт педагог- цифрлы әлем» тақырыбында іс -тәжірибе тарату. Алғыс хат	1
Курс	1. «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбы бойынша курс. 80 сағат. 09.06.2023 ж	1
Баспасөзге мақала беру.	1. «UZDIK USTAZ» ғылыми әдістемелік журналы. «Мектептегі психологиялық қызметтің маңызы және оны ұйымдастыру жолдары» 2023ж. С. Сейталипа	1
	1. «UZDIK USTAZ» ғылыми әдістемелік журналы. «Қазіргі заманауи білім беру кеңістігінде психологиялық проблемалар» 2023ж. Г.Д. Ахметалипа	1
	1. «UZDIK USTAZ» ғылыми әдістемелік журналы. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша тәрбиенің маңыздылығы» 2023ж. Ә. Мерекеқызы	1

Психологиялық қызмет бойынша SWOT – талдау

Мықты жағы (Не нәрсе жақсы жасалды?)	Әлсіз жағы (нені қосар едім?)
<ul style="list-style-type: none"> • Бірыңғай облыс көлемінде психологиялық қызмет жоспарының болуы. Осы жоспарға сай акция, түзету – дамыту жұмыстарының, диагностикалардың облыстық әдіскер тарапынан берілуі, қолдау көрсетілуі. 	<ul style="list-style-type: none"> • Білім беру процесіне қатысушылардың қабілеттері мен қызығушылығын анықтау барысында жаңаша әдістемелердің қажеттілігі.
Мүмкіндіктер (күтілетін нәтиже)	Кедергілер (нені өзгертер едім?)
<ul style="list-style-type: none"> • Ата-ана мен мектептің байланысын нығайту; • Ұжымдық бірлікті нығайту; • Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық біліктілігін арттыру; • Білім беру процесіне қатысушылардың мектептегі уақытында эмоционалды жағымды күйін дамыту; 	<ul style="list-style-type: none"> • Ата-аналардың мектеппен байланысын күшейту

Мектеп директоры

Педагог-психологтары



А.Р. Тлеулина

С. Сейталипа

Г. Ахметалипа

Ә. Мерекеқызы